

"Жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 34 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2024 жылғы 19 қыркүйектегі № 564/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 23 қыркүйекте № 35100 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 34 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10730 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жиіліктер белдеулерін, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидаларында:

33-тармақ мынадай мазмұндағы 6, 7, және 8-тармақшалармен толықтырсын:

6) уәкілетті органның:

байланыс саласындағы перспективалық технологияларды іске асыру;

радиожіілік спектрін перспективалық пайдалану жоспарларына сәйкес радиожіілік спектрін, жиілік белдеулерін тиімді пайдалану мақсатында радиожіілік спектрін қайта бөлуді жүргізу туралы шешімі бойынша;

7) дара кәсіпкердің қызметі тоқтатылғанда немесе заңды тұлға таратылғанда;

8) байланыс операторы Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын радиожіілік спектрін пайдалануға рұқсат алған күннен бастап алты ай ішінде радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану туралы хабарламаны және азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігінің есептемесін ұсынбағанда, уәкілетті орган айқындаған тәртіппен тоқтатылады.";

1-қосымшада:

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

24.	SRD (деректерді таратудың кең жолақты жүйелері) WAS/RLAN Деректерді тарату жүйелері\жергілікті радиожүйелер	2400.0–2483.5 МГц	100 мВт э.и.с.қ.	Модуляцияның кең жолақты түрлері үшін, ЖЖПҚ (FHSS)–дан басқа, ЭИСК максималды спектралды тығыздығы 10 мВт/1 МГц
		5150–5350 МГц	200 мВт, э.и.с.қ. максималды спектралды тығыздығы 10 мВт/МГц	Тек қана ғимараттың ішінде қолдану үшін.
		5470–5725 МГц	100 мВт э.и.с.қ. максималды спектралды тығыздығы 10 мВт/МГц	Тек қана ғимараттың ішінде қолдану үшін.
		5725-5850 МГц	100 мВт э.и.с.қ. максималды спектралды тығыздығы 10 мВт/МГц	Тек қана ғимараттың ішінде қолдану үшін.
		5925-6425 МГц	200 мВт, э.и.с.қ. максималды спектралды тығыздығы 10 мВт/МГц	Тек қана ғимараттың ішінде қолдану үшін.
		17.1–17.3 ГГц	100 мВт э.и.с.қ.	
		57–66 ГГц	40 дБм э.и.с.қ.	Тек ғимараттың ішінде қолдануға арналған. э.и.с.қ. максималды орташа тығыздығы 13 дБм/МГц–ке дейін шектелуі тиіс.

".

3-қосымшада:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"

--	--	--

3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін	<p>1) Қазақстан Республикасының радиожилік спектрін (бұдан әрі – РЖС) пайдалануға рұқсат беру – 20 (жиырма) жұмыс күні, оның ішінде кеме станциясының радиожилік спектрін пайдалануға рұқсаты – 5 (бес) жұмыс күні. Халықаралық үйлестіру жүргізілген жағдайда мерзім алты айдан аспайтын мерзімге ұзартылады.</p> <p>2) РЖС рұқсаты Портал арқылы мемлекеттік бюджетке РЖС пайдаланғаны үшін жылдық төлемнің төленгенін растайтын құжатты тең бөліктермен ағымдағы жылдың 25 наурызы, 25 маусымы, 25 қыркүйегі мен 25 желтоқсанына дейін РЖС пайдаланушымен қоса ұсынған жағдайда келесі жылға автоматты түрде ұзартылады.</p> <p>3) Қазақстан Республикасының РЖС пайдалануға рұқсатты қайта ресімдеу – 10 (он) жұмыс күн, егер РЭҚ және ЖЖҚ-ның техникалық параметрлері, мақсаты және орнату орны өзгерген жағдайда, сондай-ақ егер техникалық параметрлер бұрын берілген РЖС рұқсатында көрсетілген мәндерден асып кеткен болса - 20 (жиырма) жұмыс күні.</p> <p>4) РЖС пайдалануға рұқсаттың күшін жою – 10 (он) жұмыс күн.</p>
----	-------------------------------------	--

"

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің міндетін атқарушы*

А. Оразбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі